

сөз соңындағы морфемалардың түсіріліп, орнына өзге морфеманың келуі арқылы ықшамдалу: *учәске (участок)*; сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың ықшамдалуы: *әшмөшке (восьмушка)*; сөз ортасындағы дауысты дыбыстардың үнемделуі: *пртокол (протокол)*; бұдан өзге құрамында көптік жалғауының да қазақ тіліне енген соң түсіп қалу жағдайлары кездеседі: *кәмпит (конфеты), калош (галози), шахмат (шахматы)*

Фонетист ғалым С.Мырзабековтің кірме сөздерді өз тіліміздің заңдарына лайықтап енгізу керек деген пікірінің жаны бар. Университетті үнбөрсөт, институтты үнстүт деп айту қажеттігін айтады [8,76 б.]. Кірме сөздердің қазақ тілінің сингармонизм заңына сәйкес айтылып, жазылу керектігін кезінде Х. Досмұхамедұлы өзінің «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм» деген мақаласында айтқан болатын.

Тіліміздегі барлық морфологиялық (морфонологиялық) үнемдеулер, ең бірінші, сөйлеу әрекетінде пайда болады да, біртіндеп

жазуда қолданыла келе тұрақталып, қалыптасады. Уақыт өте келе олардың ықшамдалған іздері жойылып (жойылмайтын жайттар да кездеседі), жаңа тілдік бірлік ретінде өмір сүреді. Уақыт ағымында орын алған тілдік өзгерістер адамзат баласына байқалмай өте береді. Тек біраз уақыт өткен соң ғана оның өзгерісі байқалады. Демек, тілдік өзгерістердің пайда болып, қалыптасуында, тұрақталуында уақыт факторының атқарар қызметі ерекше.

1 Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. -128б.

2 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. - Алматы: Мектеп, 1962. -118 б.

3 Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 82 б.

4 Қазақ грамматикасы (фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис). – Астана, 2002. - 46 б.

5 Валиханов Ч.Ч. Сочинение. СПб., 1904. - 179 с.

6 Языки народов СССР. Том второй. Тюркские языки. М.: Наука, 1966. -14 б.

7 Болғанбаев Ә., Қалиев Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. –148 б.

8 Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999, -76 б.

С. А. Оданова

#### ФОНЕТИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ЗВУКОВ ЗАИМСТВОВАННЫХ СЛОВ

В статье рассматриваются закономерности фонетических изменений звуков заимствованных слов из арабского, персидского, монгольского и русского языков.

S. A. Odanova

#### PHONETIC CHANGES OF SOUNDS OF BORROWED WORDS

The article considers the laws of phonetic changes of sounds of borrowed words from Arabic, Persian, Mongol and Russian languages

Б. А. Омарова,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к.

#### АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ЕСІМДІКТІ ЕСІМДІ СӨЙЛЕМДЕР

Қазақ тіл білімінде есімді сөйлемдер мәселесін арнайы көтеріп, осы салаға ғылыми қауымның назарын аударған алғашқы зерттеушілердің бірі – Т.Сайрамбаев. Оның жетекшілігімен осы тақырып аясында «Қазіргі қазақ тіліндегі есімді сөйлемдер», «Есімді құрмалас сөйлемдер, олардың түрлері, қалыптасуы» және «Абай жолы» роман-эпопеясындағы есімді сөйлемдер» атты үш кандидаттық диссертация қорғалды. Сондай-ақ Т.Сайрамбаевтың өзінің шәкірті К.Оңалбаевамен бірігіп жазған

«Есімдер синтаксисінің кейбір мәселелері» атты ғылыми еңбегі де осынау аса өзекті проблеманы қозғайды.

Осы еңбектерде басқа сөз таптарымен қатар есімді сөйлем құрауда есімдіктердің де маңызды рөл атқаратындығы тілге тиек етіледі. Жалпы есімдіктердің сөйлемде қызмет ету қабілетінің өте зор екендігін негізге ала отырып, авторлар бұл сөз табының ойды тиянақтап, «өз бастауыштарымен жақ, сан жағынан предикаттық байланыста тұрып», басқа

сөз таптарынан еш кем түспейтінін ерекше атап өтеді. Осы орайда, олар былай дейді: «Қайта зат есім, сын есім, сан есімдерге қарағанда бастауыштың мәнін айқындауда бұл сөз табы ерекше. Осы ерекшелік оның есімді сөйлем жасаудағы семантикалық жағынан бай екенін көрсетеді»[1].

Яғни, есімдікті есімді сөйлемдердің семантикалық мәні айрықша екендігі дау тудырмаса керек. Жоғарыдағы авторлар жалпы сөйлемнің семантикасын айқындауда да осындай сөйлемдерді зерттеу объектісіне айналдырудың маңыздылығын негізге алады. Сөйтіп, осы бағытта әлі де болса шешімін таппай жүрген мәселелердің бірқатарын алға тартады. Солардың бірі – хакім Абайдың қара сөздеріндегі есімді сөйлемдер мәселесі. Оларға шолу жасау барысында есімді сөйлемдердің ішінде есімдікті сөйлемдердің әлдеқайда молырақ екендігі анықталыпты. Және де бұл мәселе авторлар тарапынан келешектегі зерттеу жұмыстарына бағыт ретінде ұсынылады[1].

Әрине, Абай тілі – мол кеніш, таусылмас қазына. Оны тіл білімінің қай саласы тұрғысынан зерттесек те, артық емес. Абай тілінің синтаксисі бұл – қазақ тіл білімінің үлкен бір арнасы. Осы арнаның алғашқы ғылыми іргетасын қалап, болашақ зерттеушілерге данғыл жол ашып берген ұлы ғалым – профессор Т.Сайрамбаев. Осынау қасиетті жолды одан әрі дамытуға теңіздің тамшысындай болса да үлес қосу – біздің міндетіміз. Сондықтан да осы мақсатта Абайдың қара сөздеріндегі есімдікті сөйлемдерді негізгі объекті ретінде ала отырып, олардың тұлғалық және семантикалық ерекшеліктерін арнайы қарастыруды жөн көрдік.

Абайдың қара сөздеріне көз жүгірте отырып, ондағы есімді сөйлемдердің негізін сілтеу, жіктеу, сұрау, өздік, белгісіздік есімдіктері құрайтынын байқадық. Олардың ішінде әлдеқайда жиі кездесетіндері – сілтеу және сұрау есімдіктері де, қалғандары сирек қолданысқа түседі.

Енді осы есімдіктердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтсек.

**Жіктеу есімдігі.** Жалпы есімдіктер қатарында сөйлем ішінде әлдеқайда белсенді қолданысқа түсетін сөздердің бірі ретінде жіктеу есімдіктерін танымыз. Зерттеу еңбектерінде де (А.Байтұрсынов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Р.Әмір, т.б.) жіктеу есімдігі есім-

ді сөйлемдерде баяндауыш қызметін атқаратын негізгі сөз табы ретінде ұсынылып жүр. Қара сөздерде есімді сөйлемдер жасауға *мен* жіктеу есімдігі ғана қатысады және ол екі-ақ сөйлемде кездеседі. Енді сол сөйлемдерге назар аударайық:

*Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жигызып алатұғын мен емес пе? (Абай)*

*Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. (Абай)*

Бұл сөйлемдердегі предикативтілік есімшелі бастауыш пен жіктеу есімдікті баяндауыштың арасындағы байланыс арқылы жүзеге асып отыр. Мұндағы *мен* есімдігі қимыл атауының объектісін білдіріп, сөйлемді тиянақтап тұр. Ал қимыл иесі – *-тұғын* формалы есімшелер. *Сақтайтұғын, құтқаратұғын, жигызып алатұғын, дөңбекшітетұғын* есімшелері субстантивтеніп барып, бастауыш қызметін атқарып тұр. Жалпы есімшенің мұндай формасы Абай тіліне тән ерекшелік болып табылады. *Мен* есімдігі өз бастауышымен іргелес тұрып алғашқы сөйлемде көмекші сөз бен сұраулық шылаумен тіркесу арқылы күрделі баяндауыш ретінде, ал кейінгі сөйлемде нөлдік тұлғада дара бастауыш ретінде қолданылған. Ал енді семантикалық сипаты тұрғысынан бұл сөйлемдерді, Р.Әмір айтқандай, «ойдың бір құрамын – субъектіні, объектіні актуализациялайтын типті» сөйлемдерге жатқызамыз[2]. Мұндағы актуализациялау қызметі сөйлемдегі етістіктердің есімше формасын алып, бастауыш қызметіне, ал *мен* есімдігінің баяндауыштық позицияға көшуіне байланысты жүзеге асып отыр. Яғни, *мен* жіктеу есімдігі актуализацияланатын сөз (объекті) дәрежесінде ойды тиянақтау қызметін атқарады. Мәселен:

*Жигызып алатұғын – мен. Мен жигызып аламын.*

**Сілтеу есімдігі.** Сілтеу есімдіктері де – сөйлемде баяндауыш қызметінде молынан жұмсалатын сөз табы. Атрибутивтік сөздер қатарына жататындықтан, сілтеу есімдіктері, негізінен, анықтауыш қызметін атқаруға тиіс. Со-

ған қарамастан бұл сөздер сөйлемде баяндауыш болып, есімді сөйлем құрауға да қатысады. Қара сөздерде ойды тиянақтаушы сөздер ретінде *осы, сол, анау* есімдіктері кездеседі. Олар «адам» деген ұғыммен байланысты да, жансыз нәрселермен байланысты да қолданыла береді. Бұл есімдіктердің баяндауыштық қызметін екі жақты қарастыруға болады. Біріншіден, сілтеу есімдігі-предикат пен субъект заттың қатынасы, екіншіден, сілтеу есімдігі-предикат пен қимыл-істің қатынасы. Алғашқы жағдайда сілтеу есімдікті баяндауыштардың бастауышы атау тұлғалы зат есімнен болып келеді. Мысалы:

*Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. (Абай)*

*Ұят кімде болса, иман сонда. (Абай)*

*Іздеген еліміз сол ма? (Абай)*

*Ұялған десек, хадис анау, жақсылардан қалған сөз анау. (Абай)*

*Ендігі жұрттың ақылы да, тілеуі де, hareketі де сол. (Абай)*

Бұл сөйлемдердегі сілтеу есімдікті баяндауыштар нөлдік тұлғада да, көптік тұлғада да, септік тұлғада да жұмсалған. Ал олардың бастауыштары атау күйінде тұр. Яғни, сілтеу есімдіктерінің баяндауыш болып келуінің бірден-бір шарты – бастауыш зат есімнің атау формасында жұмсалуы. Осы тұлғалық ерекшеліктерінен келіп, сілтеу есімдікті сөйлемдердің мағыналық сипаты айқындалады. Жоғарыдағы сөйлемдердің семантикалық мәні субъект зат пен оның әр алуан қасиеттерінің қатынасына негізделген. Нақтырақ айтсақ, нөлдік тұлғадағы сілтеу есімдікті сөйлемдерде баяндауыш субъект затты көрсету, соған нұсқау мағынасын білдірсе, жатыс септіктегі сілтеу есімдікті баяндауыштар субъект заттың кімге тиесілі екенін меңзеп тұр. Сондай-ақ баяндауыш қызметіндегі сілтеу есімдіктері өз бастауыштарымен қатар қолданыла отырып, ой екпінін өздеріне қарай тартқыш келеді.

Ал екінші жағдайда сілтеу есімдікті баяндауыштың бастауышы есімше тұлғалы болып келеді. Мәселен, мына сөйлемдерге көңіл аударайық:

*Кітаптың айтқаны – осы. (Абай)*

*Сенікі – біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің – сол. (Абай)*

Мұндағы бастауыштар – *-ған, -ген* формалы есімшелер де, баяндауыштар – атау күйіндегі сілтеу есімдіктері. Сондықтан да бұл сөй-

лемдер семантикалық тұрғыдан қимыл-іс пен оның объектісінің қатынасын білдіретін сөйлемдер қатарына жатады. Баяндауыш қызметіндегі *осы, сол* есімдіктері қимыл атауларының объектісін білдіріп, актуализацияланатын сөз дәрежесінде сөйлемдегі ойды тиянақтап тұр.

**Сұрау есімдігі.** Қара сөздерде ең көп қолданылатын есімдіктердің бірі – сұрау есімдіктері. Олардың қатарында *не, қашан, қалай, немене, кім, қайсы, қайтеді* есімдіктері бар. Сұрау есімдіктері, негізінен, атау күйінде жұмсалған, тұлғалық өзгерістерге ұшырағандары де кездеседі. Сұрау есімдікті есімді сөйлемдерді де екі жақты қарастырған жөн: баяндауыштың есім сөзді бастауышпен қатынасы және баяндауыштың есімше тұлғалы бастауышпен қатынасы. Ең алдымен, сұрау есімдіктері сөйлемде есім сөздермен предикативтік қатынасқа түсіп, ойды тиянақтау қызметін атқарады. Мысалы:

*Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? (Абай)*

*Алла табарака уатағаланың пенделеріне салған жолы қайсы? (Абай)*

*Бұл қалай? (Абай)*

*Осы несі екен? (Абай)*

*Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді? (Абай)*

Алғашқы екі сөйлемде бастауыш мүше атау тұлғалы зат есімнен болып, сұрау есімдікті баяндауышпен іргелес қолданылған. Ал кейінгі сөйлемдерде сұрау есімдікті баяндауыштың бастауыштары есімдіктерден болып келеді. Бұл сөйлемдердің бәріне тән бір ерекшелік – есімдікті баяндауыштардың сөйлем соңынан келіп, оларға екпін түсіріліп айтылуында және субъектінің де, предикаттың да атау күйінде жұмсалуында. Мұндағы сұрау есімдікті баяндауыштарға септелу тән болмағанымен де, олардың тәуелденіп, күрделеніп келетін жағдайларын байқаймыз.

Ал енді бұл сөйлемдердің синтаксистік мағынасына келер болсақ, ол субъект зат пен сұрау есімдіктерінің қатынасына негізделген. Сұрау есімдіктері сөйлемдегі іс иесінің мәнжайын, әр алуан күйін білу мақсатында сұрау мағынасында жұмсалған. Жалпы сұраулы сөйлемдердің көркем әдебиет тілінде жиі кез-

десетіні белгілі. Сол сияқты Абай да өзінің кара сөздерінде сұраулы сөйлемдерді ерекше экспрессиямен шебер қолдана білген. Олардың мазмұны да әрқилы болып келеді. Кара сөздердің негізгі дінгеі осы сұрақтар десек, қателеспейміз. Өйткені автор оқырманға сұрақ қою арқылы өзін толғандырып жүрген келелі мәселелерді көтеріп, өзі сол сұрақтар төңірегінде сөз қозғаған, оқырманға ой салып, оның көкейінен орын тебуді көксеген. Сондықтан да мұнда ашық мәнді сұрақтардан гөрі, риторикалық және күмәнді сұрақтар молынан пайдаланылған. Мәселен, алғашқы екі сөйлем сыртқы формасы жағынан ашық мәнді сұраққа ұқсағанымен, оның түпкі мақсатының мүлдем басқа екендігін әрі қарай оқу барысында аңғаруға болады. Мұндай сөйлемдер әдетте кара сөздің басында қойылып, негізгі ой осы сұрақтың жауабы төңірегінде өрбиді. Яғни, жауап күту мақсатында емес, оқырманға аса маңызды жайтты хабарлау, оның санасына жеткізу мақсатында айтылатын бұл сөйлемдерді риторикалық сұрақ деу орынды. Ал үшінші және төртінші сөйлемдер – кара сөздің соңынан орын алған сұрақтар. Олардың мән-мағынасы да өзгешелеу. Өйткені мұндағы негізгі мақсат – әрі бірдеңенің жайын білу, әрі сол бірдеңеге байланысты автордың өз күмәнін жеткізуі. Олай болса, бұл сөйлемдер күмәнді сұрақты білдірсе керек.

Қара сөздерде сұрау есімдіктері есімшелі бастауыштармен де қатынасқа түсіп, баяндауыш қызметін атқарады. Мұндай сөйлемдерде жоғарыда аталған сұрау есімдіктерінің бәрі дерлік қолданылады. Олар атау күйінде сөйлемдегі ойды тиянақтау қызметін атқарады да, ал олардың бастауыштары, яғни, *-ған, -ген, -тұғын* формалы есімшелер тәуелденіп те, тәуелденбей де қимыл иесі болып келеді. Мысалы:

*Осы елдің үнем қылып жүргені немене?*  
(Абай)

*Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Файсаны дарға асқан, пайгамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім?* (Абай)

*Біз ортамызда бұл мархамат гадәләтті иманның шартынан хисап қылмаймыз, оның үшін мұсылм болғанда, Алла Тағалаға тәслим болып, оның жолында болмақ едік, болғанымыз қайсы?* (Абай)

*Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?* (Абай)

*Осы, біздің қазақтың өлген кісінде жаманы жоқ, тірі кісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?* (Абай)

*Нәпсің тыйып, бойың тоқтатқан кісінің жаман атанып, нәпсісі билеп, мақтанға еріп, пәле шығарған кісі мықты атанатұғыны несі?* (Абай)

Бұл сөйлемдердің бәрінде де сұрау есімдікті баяндауыштар өз бастауыштарымен іргелес қолданылып, ой екпінін өздеріне тартып тұр. Не есімдігінің тәуелденіп жұмсалғаны болмаса, қалғандары нөлдік тұлғада баяндауыш қызметін атқарады.

Ал енді сұрау есімдікті баяндауыштар мен есімшелі бастауыштардың осынау қатынасынан бұл сөйлемдердің семантикалық мәні шығады. Мұндағы сұрау есімдіктері қимыл атауларының, яғни, есімшелі бастауыштардың объектісін білдіріп, актуализацияланып тұр. Айтылу мақсатына қарай сұраулы сөйлемдер болғанымен, бұл сөйлемдер де алдыңғылар сияқты әрқилы мазмұнымен ерекшеленеді. Мәселен, алғашқы екі сұрақтың жауап алу мақсатында емес, керісінше автордың өзі жауап беріп, осы мәселеге оқырманның ерекше назарын аударту үшін қойылғандығы аңғарылады. Ал үшінші сөйлемде *болғанымыз қайсы?* деп сұрақ қою арқылы автор *болған жоқпыз* дегенді меңзеп тұр. Сондықтан да бұл сөйлемдерде риторикалық мән басым. Соңғы үш сөйлем арқылы автор оқырманға ашық сұрақ қойып отыр. Әрі бұл сөйлемдерде эмоциялық ренк те жоқ емес. *Қалай? несі?* сұрау есімдіктері арқылы автор сұралған жайтқа байланысты өзінің күйінішке толы таңданысын да білдіріп отыр. Олай болса, кара сөздерде басқа да сұрақтармен қатар таңырқаулы сұрақтардың кездесетініне көз жеткіземіз.

**Өздік және белгісіздік есімдігі.** Өздік есімдігі мен белгісіздік есімдігі кара сөздерде әрқайсысы бір ғана есімді сөйлем құрамында кездеседі. Мысалы:

*Һәммаға харекет беретұғын Өзі.* (Абай)

*Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім – өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі.* (Абай)

Бірінші сөйлемде өзі есімдігі ІІІ жақ тәуелдік тұлғада баяндауыштық қызметте жұмсалса, ал екінші сөйлемдегі белгісіздік есімдігі *-дікі* қосымшасын жалғау арқылы ойды тиянақтап тұр. Өздік есімдікті баяндауыш есімшелі бастауышымен іргелес қолданылып, ак-

туализацияланған сөз дәрежесінде қимыл атауының объектісін білдіреді. Ал белгісіздік есімдікті баяндауыш есімдікті бастауышымен де шылауы арқылы предикаттық қатынасқа түсіп, субъект-заттың беймәлім жай-күйін меңзеп тұр.

Сонымен, Абайдың қара сөздерінде есімді сөйлемдердің ішінде есімдікті сөйлемдердің әлдеқайда жиірек кездесетіндігіне анық көз жеткізе отырып, оның өзіндік ерекшеліктерін былайша саралауға болар еді:

- есімді сөйлем құрауда сілтеу және сұрау есімдіктері жиі кездеседі;

- есімдіктер нөлдік, тәуелдік және септік тұлғада ойды тиянақтайды;

- есімдіктер шылау мен көмекші сөздермен тіркесіп, есімді сөйлем құрайды;

- есімдіктер, негізінен, сөйлемде *-тұғын* формалы есімшеден жасалған бастауыштармен предикаттық қатынасқа түсіп, ойдың бір құрамын актуализациялайтын типті сөйлемдер құрайды;

- есімдіктер өз бастауыштарымен іргелес қолданылып, ой екпінін өздеріне қарай тартқыш келеді;

- айтылу мақсатына қарай есімдікті есімді сөйлемдер хабарлы және сұраулы болып келеді;

- есімдікті есімді сөйлемдер, негізінен, жай сөйлем түрінде кездеседі, құрмалас сөйлемдер де бар, бірақ олар аздау.

1. Сайрамбаев Т., Оналбаева К. Есімдер синтаксисінің кейбір мәселелері. Алматы, 2005.

2. Әмір Р. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы, 1983.

**Б. А. Омарова**

#### **ОСОБЕННОСТИ МЕСТОИМЕННЫХ ИМЕННЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ В «КНИГЕ СЛОВ» АБАЯ**

В статье автор рассказывает о грамматических и семантических особенностях местоименных именных предложений, используемых в «Книге Слов» Абая.

**B. A. Omarova**

#### **FEATURES OF PRONOMINAL NOMINAL SENTENCES USED IN "BOOK OF WORDS" OF ABAI**

The author tells about the grammatical and semantic features of pronominal nominal sentences used in the "Book of Words" of Abai.

**Ж. К. Отарбекова,**

*ҚазМемҚызПУ, zhimi\_ok@mail.ru*

#### **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МОРФОЛОГИЯСЫ МЕН СӨЗЖАСАМЫНДАҒЫ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІК МӘСЕЛЕСІ ЖАЙЫНДА**

Қазақ тіл білімінде күрделі сөз ұғымына кемінде екі түбірдің бірігуінен, тіркесуінен, қосарлануынан жасалған сөздер жатқызылады. Алайда морфологиядағы күрделі сөз ұғымы мен сөзжасамдағы күрделі сөз ұғымы теңбе-тең емес. Сөзжасамда күрделі сөздерге бірігу, тіркесу, қосарлану, тіпті қысқару арқылы жасалып, жана мағынаға ие болған сөздер жатқызылса, морфологияда күрделі сөз ұғымына аталғандардан өзге негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесінен тұратын сөз тұлғалары да кіргізіледі. Атап айтқанда, тіркесу жолымен жасалған етістіктер, негізгі мен көмекші етістіктің тіркесінен тұратын етістіктердің бәрі күрделі етістік ретінде ұғынылады.

Түбір мен түбірдің бірігуінен, қосарлануынан немесе тіркесуінен құралған сөздердің барлығы «күрделі сөздер» деген категорияға кіретіні белгілі [1:49]. Сол себепті тіркесу арқылы жасалған етістіктерді күрделі етістіктер деген жалпылама атаумен атау дұрыс па?

Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сөздер мен сөз тіркестерін шатастырмауымыз керек. Тіркесті сөздердің құрамындағы сөздер сабақтаса байланысып, бір ғана мағына білдірсе, сөз тіркесі жеке-жеке толық мағыналы сөздердің сабақтаса байланысуынан тұрады. Тіркесу арқылы жасалған сөздердің мағыналары кірігіп, бір семантикалық бірлікте